

Қару айналымы саласында рұқсаттар беру үшін біржолғы алымдардың мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 желтоқсан N 1810 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.11.28. N 1536 қаулысымен. ~P011536

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына

Z980339_

сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қару айналымы саласында рұқсаттар беру үшін біржолғы алымдардың мөлшері бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1810 қаулысымен
бекітілген

Қару айналымы саласында рұқсаттар беру үшін
біржолғы алымдардың мөлшері

р/р	Рұқсат түрлері	Бір жолғы алымдардың мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
-----	----------------	---

1	Қару мен оның патрондарын әкелуге (әкетуге) берілетін рұқсат	2
2	Қаруды сақтауға берілетін рұқсат	1
3	Қаруды сақтауға және алып жүруге берілетін рұқсат	1
4	Қару мен оның патрондарын тасымалдауға берілетін рұқсат	2

Ескерту. Заңды және жеке тұлғалар біржолғы алымды рұқсат алғанға дейін төлейді.

Біржолғы алым жергілікті бюджеттің кірісіне енгізіледі.

Мамандар:

Орынбекова Д.К.

Қобдалиева Н.М.